

## Қазақстан Республикасының Орман қоры участекелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану тәртібін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 9 желтоқсан 1993 ж. N 1235. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.12.25. N 1317 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасының Орман кодексін күшіне енгізу тәртібі туралы" 1993 жылғы 23 қантардағы N 1925-XII қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы

е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының орман қоры участекелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану Тәртібі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министр*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 9 желтоқсандағы  
N 1235 қаулысымен  
Бекітілген

## **Қазақстан Республикасының орман қоры участекелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану Тәртібі**

### **Жалпы ережелер**

1. Бұл Тәртіп Қазақстан Республикасының Орман кодексіне сәйкес жасалған және орман қорының участекелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалануды р е т т е й д і .

2. Бұл Тәртіп Қазақстан Республикасының барлық ормандарында қолданылады және орман қоры участекелерін жоғарыда аталған мақсатқа беру мен пайдалануды жүзеге асыратын өкілді және атқарушы өкімет органдарына орман пайдаланушылар мен орман қоры иелеріне міндettі болып табылады.

3. Осы Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылатын орманды ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалануға орманның табиғаты мен компоненттерін танып-білу үшін орман қоры аумағында кешенді және мамандандырылған (орман

шаруашылық, ботаникалық, топырақ, зоологиялық, орман патологиялық және басқа) ғылыми-эксперименттік зерттеулер жүргізу, солардың негізінде, жаңа техника жасауды қоса алғанда, орман және аңшылық ресурстарды қорғау, сактау, ұлғайта өсіру мен ұтымды пайдалану жөніндегі тәсілдерді, әдістер мен технологиялық процестерді әзірлеу, сондай-ақ орман қоры шегінде орналасқан басқа да табиғат және табиғатқа жатпайтын объектілерді зерделеу жатады.

Орман пайдаланудың бұл санатына тәжірибелік-өндірістік тексеру жүргізу, орман шаруашылық өндірісіне ғылыми және конструкторлық әзірлемелерді енгізу, сондай-ақ жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізу кезінде орман қоры аумағында орындалатын ғылыми-зерттеулер қосылады.

4. Орман қорын ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдаланушылар Қазақстан Республикасының тиісті заңды ұйымдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасымен, оның мемлекеттік және ғылыми ұйымдарымен жасалған шарт бойынша немесе Қазақстан жүзеге асыруға қатысатын халықаралық бағдарламалар бойынша зерттеулерді орындағын халықаралық және шетелдік ұйымдар мен мекемелері болуы мүмкін.

5. Орман биоценоздарындағы өсімдіктер мен жануарларды интродукция бойынша ғылыми зерттеулердің бағдарламалары және олардың нәтижелерін ормандардың флорасы мен фаунасын молайту практикасында жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Ұлттық академиясы мен Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясымен келісілуге тиіс.

6. Ғылыми-зерттеулер мақсаттары, мемлекеттік және қоғамдық мұқтаждар үшін пайдалануға берілген орман қоры участекелерін қайтарып алу Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 28 және 29 баптарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен бекітілген Ерекше бағалы жерлердің, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи және тарихи-мәдени объектілер тұрған, мемлекеттік және қоғамдық мұқтаждар үшін алып қоюға жатпайтын ж е р л е р д і н т ізбесін

ескере отырып жүргізіледі.

7. Осы Тәртіптің орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы комитеті қамтамасыз етеді.

## **Орман қоры участекелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарына беру мен пайдалану тәртібі**

8. Орман қоры участекелері ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін:

- а) жалға алу шарттары негізінде пайдалануға;

ә) орман иесінен қайтарып алусыз пайдалануға берілуі мүмкін.

9. Орман қоры участекелерін жалға алу шарттары негізінде ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалануға беру Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 34 -  
б а б ы на с ә й к е с ж ү р г і з і л е д і .

Мұндай жағдайда орманды пайдалану өндірістік қажеттілікке байланысты саланы ғылыми-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі нақты міндеттердің шешилудін көздеуге тиіс .

10. Орман қоры участекелерін орман иесінен қайтарып алусыз ғылыми-зерттеу мақсаттарына пайдалану ғылыми-зерттеу жұмыстары жоспарының көшірмесі қоса тіркелген дәлелді өтінім негізінде орман шаруашылығы органдарының рұқсатымен орман қорының бүкіл аумағында жүзеге асырылуы мүмкін.

Ғылыми-зерттеулердің түрлері (тұрақты, далалық, маршрутты), ерекшелігі (орман шаруашылық, ботаникалық, топырақ және басқа), басталуы мен аяқталу мерзімі, маршруттары, тәжірибелік объектілердің іргесі қаланатын жерлер мен олардың көлемі және аталған жұмыстарды жүргізуіндегі басқа шарттары ғылыми мекеменің немесе оның тапсыруы бойынша ғылыми экспедицияның, отрядтың, топтың орман иесімен жасаган келісіммен анықталады. Орман шаруашылық кәсіпорындарымен (бірлестіктерімен) жасалған шарт бойынша ғылыми-зерттеулерді орындау кезінде аталған жайлар тиісті шартта көрсетілуге тиіс .

Судың жәй-күйіне әсер ететін су қорғау аймақтары мен тілкемдерде ағаш кесу және басқа тәжірибелік жұмыстар табиғат қорғау мемлекеттік органдарының, орман шаруашылығы мен су ресурстары басқармаларының, жергілікті атқарушы органдардың келісіүі бойынша жүргізіледі.

Жануарлар мен өсімдіктердің бағалы түрлері мекендеген жерлерде мұндай жұмыстарды орындау да табиғат қорғау органдарымен келісілуге тиіс.

Ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік жұмыстарды жүргізу үшін орман ресурстарын қайтарып алу арнайы рұқсат беретін құжаттар:

орман қоры участекелерінің иелері, ал фауна бойынша - жануарлар дүниесін қорғау, балық шаруашылығы су тоғандарында балық қорын қорғау және табиғат пайдалануды бақылау жөніндегі бас басқармалар беретін лицензиялар, ағаш кесу билеттері, ордерлер, орман билеті негізінде жүргізіледі.

Орман қорының участекелерін ғылыми-зерттеу мақсатында пайдалану кезінде орман иесінің жерінен алынған орман өнімі (сүрек, жеміс пен тұқым, қалемше, екпе, көшет, тағамдық, дәрі-дәрмектік және техникалық шикізат), ғылыми зерттеулерді орындау үшін қажеттісінен басқа бөлігі, орман иесінің меншігі болып табылады. Оның тізбесі мен көлемі бағдарлама мен зерттеулер әдістемесіне қарай белгіленіп, келісімде немесе шартта көрсетіледі.

11. Ғылыми және тәжірибелік жұмыстар жүргізу үшін берілген орман қоры

учаскелерінде орман пайдаланудың басқа түрлері шектелуі немесе оларға толық тыйым салынуы мүмкін. Бұл шектеулерді арнайы пайдалану режимі, шектеулердің түрлері мен мерзімдері белгіленетін орман қоры участекелерінің тізбесі мен көлемін көрсете отырып, орман иелері ғылыми және тәжірибелік зерттеулер жүргізетін адамдардың ұсыныстары негізінде анықтайды.

12. Орман қоры участекелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында, әсіресе тәжірибелік жұмыстар жүргізген кезде пайдалану орманның экологиялық жүйелеріне және солардың компоненттеріне зиян келтірмейтіндей, сирек кездесетін және жойыла бастаған өсімдіктер мен жануарлар түрлері мекендеген ортаның жойылуына немесе нашарлауына жол берілмейтіндей етіп жүзеге асырылуға тиіс.

13. Ғылыми зерттеулердің тиімділігін және олардың нәтижелері орман шаруашылығында іске асырылуын жеделдету мақсатында тәжірибе-өндірістік орман шаруашылық кәсіпорындары ұйымдастырылуы мүмкін. Мұндай жұмыстар жоғары оқу орындарының студенттерін оқыту процесін қамтамасыз ету үшін құрылатын оқу-өндірістік кәсіпорындарда да орындалуы мүмкін. Осындай кәсіпорындарды ұйымдастыруды ғылыми және оқу мекемелерінің ұсыныстарын ескере отырып, мемлекеттік орман шаруашылығы басқару органы жүзеге асырады.

14. Қорықтардың, ұлттық парктар мен заказниктердің, сондай-ақ тәжірибелік және оқу-өндірістік кәсіпорындардың орман қоры участекелерін пайдалану тәртібі олар туралы ережемен және осы Тәртіппен анықталады.

### **Орманды ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалануға иелену құқығын тоқтату үшін, сондай-ақ оның пайдаланылуын өзгерту және бас тарту үшін негіздер**

15. Орман қоры участекелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану:

- a) аталған пайдаланудан ерікті түрде бас тартқан;
- ә) пайдалану мерзімі өткен;
- b) орман қорының жерлері мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждар үшін қайтарап алынған;
- в) мекеме немесе аталған пайдалану түрінің субъектісі таратылған;
- г) орман пайдаланудың белгіленген тәртібі мен ережелері бұзылған;
- д) орманды ұтымсыз пайдалану салдарынан оның экологиялық жүйесі нашарлауына, экологиялық функцияларынан айырылуына, топырақ эрозиясының ершүіне жол берілген;
- е) рұқсат беру құжаттарында көзделген міндеттерді орман пайдаланушылар орындаған;

ж) орман қоры участеклері нысаналы мақсатына пайдаланылмаған;  
з) орманды пайдаланғаны үшін ақы белгіленген мерзімдерде енгізілмеген  
жағдайда тоқтатылады.

16. Орман қоры участеклерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану шарттарын өзгертуге:

а) табиғи зілзала салдарынан олардың жәй-күйі белгіленген бағдарлама бойынша ғылыми-зерттеулерді жалғастыра беруге мүмкін болмайтында өзгерген;

ә) ормандардың қорғаныш санатын өзгерту және оның құрамына ұлттық парктерді, қорықтар мен заказниктерді қосу нәтижесінде орман қорының участеклерін пайдалануды жүзеге асыруға қойылатын талаптар және оның тәртібі өзгерген, егер бұрынғы пайдалану шарттары ерекше қорғалатын аумақтар мәртебесіне сәйкес келмейтін болса;

б) мемлекеттік және қоғамдық мұқтаждар үшін орман қорының жерлері ішінәра қайтарып алынған кезде жол беріледі.

17. Пайдаланудың сол түріне қойылатын талаптарға сәйкес оны жүзеге асыру мүмкіндігі туралы дәлелдер келтірмеген жағдайда орман қоры участеклерін пайдалануға беруден бас тартылуы мүмкін.

18. Орман қоры участеклерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану құқығын тоқтату рұқсат ету құжаттарын берген органдардың оларды жою жолымен ресімделеді.

19. Орман қоры участеклерін ғылыми-зерттеу мақсатында пайдалануға беруден бас тарту және пайдалану құқығын тоқтату туралы шешімге сотқа беру тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

### **Орман қоры участеклерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану ақысы**

20. Орман қорының участеклерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану ақысы Қазақстан Республикасының Орман кодексіне және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексіне) сәйкес жүзеге асырылады. < \* >

**Ескерту. 20-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.15. N 431 қаулысымен .**

### **Орман қоры участеклерін иеленушілердің және оларды ғылыми-зерттеу**

## **мақсаттарында пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері**

21. Ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалануды ұйымдастыру кезінде орман қоры                          учаскелері                          иелерінің:

а) осы Тәртіптің 4-тармағына сәйкес рұқсат ету құжаттарын бере отырып, орманды ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану құқығын беруге;

ә) орман пайдаланудың басқа түрлерін, сондай-ақ ғылыми және тәжірибелік зерттеулөргө тартылған орман қоры участкелеріндегі орман шаруашылық шараларын (орманды сақтау мен қорғаудан басқа) жүргізуді шектеуге және оларды                          тоқтата                          тұруға;

б) ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде орман, жер, су және басқа зандардың, орманды пайдалану нормаларының, ережелерінің сақталуын бақылауды                          жүзеге                          асыруға;

в) орман немесе басқа зандар және осы Ереже бұзылған жағдайда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді тоқтата тұруға және тиісті рұқсат беру құжаттарының                          кушін                          жоюға;

г) пайдаланушылардың ғылыми және тәжірибелік зерттеулөргі жүргізу барысында орман занын бұзып орман шаруашылығына келтірген зиянға өтем жасау туралы оларға белгіленген тәртіппен талап қоюға;

д) орман иесінің жерлерінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуші адамдардан зерттеу нәтижелері жөнінде ақпарат алуға құқығы бар.

22. Орман қоры участкелері ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдаланылуын қамтамасыз                          ету                          үшін                          оның                          иелері:

а) тиісті рұқсат ету құжаттарын табыс ете отырып орман қоры участкелерін аталған                          пайдалану                          түрі                          үшін                          беруге;

ә) ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қажетті орман орналастыру, есептік және басқа материалдар мен құжаттарды танысу үшін беруге;

б) акті бойынша берілген кәсіпорындардың, ғылыми және тәжірибелік объектілердің толық, ал қажет болғанда ұдайы аман сақталуын қамтамасыз етуге; орман аумағында оларды құрған немесе бөлгөн ғылыми (оқу) мекемелерінің келісімінсіз бұларда нендей бір шаруашылық шаралардың жүргізілуіне жол беруге                          міндетті .

23. Орман қоры участкелерін ғылыми мақсаттарда пайдаланушылардың:

а) рұқсат беру құжаттарында көрсетілген мерзімдер мен көлем шегінде орманды ғылыми мақсаттарға                          пайдалануға;

ә) өздерінің занды мүдделері бұзылған жағдайда оларды сотқа беру тәртібімен                          қорғауға;

б) ғылыми-зерттеу мақсаттарында орманды пайдалануда негізсіз келтірілген

зиянның өтемін жасатуға құқығы бар.

24. Орман қоры участекерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдаланушылар

а) ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының орман, жер, су және басқа зандары мен осы Тәртіпті қатаң түрде басшылыққа алыға;

ә) өрт қауіпсіздігі ережелерін, өсіп тұрған ағашты босату тәртібін, орманды пайдалану мен орманда болуды реттейтін басқа да нормативтік құжаттарды, сондай-ақ орманды, табиғат қорғауды басқару мемлекеттік органдары лауазымды адамдарының нұсқауларын сактауға;

б) ғылыми және тәжірибелік жұмыстарды жүргізу кезінде бұлдірілген орман қоры участекерін өз қаржысы есебінен оларды өз мақсатында пайдалануға жарамды қүйге келтіруге;

в) орман қоры участекеріндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін оларды қуәландыру үшін орман иелеріне табыс етуге, сондай-ақ сактауға жататын ғылыми және тәжірибелік объектілерді акті бойынша өткізуғе;

л) лицензияда, штатта, ағаш кесу билетінде және басқа рұқсат беру құжаттарында белгіленген шарттарды орындауға;

д) ғылыми зерттеулердің нәтижелері және оларды орман иелерінің практикалық қызметінде пайдаланудың орынды болатыны, бүлінген жерлерді қалпына келтіру жөнінде қолданылған шаралар, тасымалдауға жататын сұректер үйілген орындар жайында хабарлауға міндетті.

**Орман қоры участекерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану тәртібін бұзғандық үшін жауапкершілік**

25. Орман қоры участекерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану тәртібін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін тараптар қолданылып жүрген зандарға сәйкес жауап береді.